

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі**  
**Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің жұмылдыру резервінің**  
**материалдық құндылықтарын шығару (броньнан шығару тәртібімен)**  
**жөніндегі тендерлік комиссия отырысының**  
**ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы  
Янушкевич көшесі, 2

21.05.2015 ж.  
сағ.: 11:00

**Тендерлік комиссия құрамы:** А.Ә. Сәду – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің (бұдан әрі – ММРК) төрағасы, тендерлік комиссияның төрағасы;

**комиссия мүшелері:** С.К. Сабырбаева – ММРК төраға орынбасары, тендерлік комиссияның төраға орынбасары; Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы; Д.А. Нұрқанов – ММРК Бухгалтерлік есеп және қаржы басқармасының басшысы; Ә.А. Төребекова – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

*(Қатыспаған: М.Б. Мағұлов – ММРК Жұмылдыру бөлімшесінің бас сарапшысы, еңбек демалысында, 2015 жылғы 15 мамырдағы № 21-д бұйрық).*

**Күн тәртібі:**

1. № 28 лот бойынша Шығаруға жататын броньнан шығарылған жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесіне өзгерістер енгізу;

Күн тәртібі мәселелерін қарау мен талқылау нәтижесінде, сонымен қатар 2015 жылғы 21 мамырдағы № 40-03-15/49вн қызметтік жазба негізінде, тендерлік комиссия ашық түрде дауыс беру арқылы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қосымшаға сәйкес Шығаруға жататын броньнан шығарылған жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесіне өзгертулер енгізілсін.

2. Бұл ретте бұл Хаттама ([www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz)) сайтқа орналастырылғаннан бастап күнтізбелік 15 күн өткеннен кейін № 28 лот бойынша үміткерлердің өтінім беруіне болады.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 4 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын»

деп дауыс берді.

Тендерлік комиссия отырысында видео жазбалары жүргізілді (қосымшамен ұсынылады).

Тендерлік комиссия отырысы 2015 жылғы 21 мамырдағы сағ. 11:15 бітті деп есептелсін.

Қосымша: 7 бетте.

**Комиссия төрағасы:**

Сәду А.Ә.



**Комиссия төрағасының орынбасары:**

Сабырбаева С.К.



**Комиссия мүшелері:**

Ахметов Б.Қ.



Нұрқанов Д.А.



**Комиссия хатшысы:**

Төребекова Ә.А.

